

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ

ТАБЫЛДИЕВА О.Д.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті «Тарих және философия» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Маңғыстау халқының Ресейге заңды түрде бағындырылуы XIX ғасырдың 40-жылдары Кіші жүз халқын дистанцияларға бөлу принципімен басқару жүйесін енгізуге байланысты жүзеге асырылды. Бұл жүйе бойынша, қазақтардың жайылымдары казак станицаларының санына сәйкестендіріліп бөлініп, басқарыла бастады (алғаш 32 дистанция болса, кейінірек олардың саны өсе берді) [1].

Маңғыстау қазақтары XIX ғасырдың орта шеніне дейін өздерінің дәстүрі, әкімшілік-территориялық бірлігі бойынша Кіші жүздің билеуші-сұлтаны басқаруындағы батыс бөлікке қарады. XIX ғасырдың ортасынан бастап Маңғыстау халқы патша өкіметінің отарлық басқару жүйесіне тартыла бастады. Алғашқыда Маңғыстау қазақтары ресейлік басқарылуға түгелдей қамтылмады, батыс бөлігіндегі 52-дистанцияға адай руының төрт аталығы (қырық мылтық, түркпен-адай, құнан-орыс, балықшы) және Үстірттің оңтүстігін мекендеген Кіші жүздің басқа да бөліктері енгізілген болатын. Кіші жүз территориясына орыс бекіністері салынған сайын, Маңғыстаудағы адайлардың патша өкіметіне бағындырылуы күшейе түсті. 1867 жылы Адай қазақтары Жоғарғы дистанция деп аталынған әкімшілік жүйелік бірлікке біріктірілді. Бірақ, көп ұзамай бұлайша басқарудың қиындығына байланысты екі дистанцияға бөлініп басқарылды. Маңғыстау Адайларының бес аталығы Төменгі дистанцияға, ал Үстіртті мекендеген Адайлар-Жоғарғы дистанцияға бағындырылды.

Маңғыстаудағы патшалық әкімшілік биліктің өзіндік ерекшелігі болды. Маңғыстауды отарлау мен Ресейлік әкімшіліктің басқа аймақтардағы өзгешелігі - приставтықтың құрылуы болып табылады. Приставтық – Россия империясында қабылданған әкімшілік бөліктерге бөлу жүйесіндегі біртұтас қабылданған бірлік емес еді. Сол себепті де оны енгізу патша үкіметінің өзіне бағынышты әрі шекаралық стратегиялық аймақ болып табылатын территориясындағы әскери-полициялық биліктің айқын белгісі болды. Әкімшілік реформалар Маңғыстаудың әкімшілік-территориялық бағыныштылығын бірнеше рет өзгертті. Әрбір өзгеріс әскери-полициялық бақылауды күшейту және түбек халқын қазақ халқының негізгі бөлігінен айыру бағытында жүргізілді. Уездегі көшпелі халық болыстарға бөлінді, ал болыстар ауылдарға бөлінді. Болыстар мен ауылдарға кіретін үй басы санын облыстық басқарма бекітті. Болыстарды болыс басшылары, ал, ауылдарды – ауыл ақсақалдары биледі. Сондай-ақ, Маңғыстау халқындағы әкімшілік билік жүргізудің Қазақстанның басқа өңіріне қарағандағы тағы бір өзгешелігі

болыстарды құруда болыс басшыларын, ауыл старшындарын, тіпті билердің өзін отаршыл әкімшіліктің тағайындауынан көрінді. Қазақстанның өзге аймақтарында жергілікті билеушілерді формальды түрде болса да, сайлап қоюшы еді. Олар 3 жыл мерзімге халықтық сайлау арқылы сайланатын. Ал, Маңғыстауда оларды патшалық әкімшілік тағайындады.

Патшалы Ресейдің отары болған Қазақстан XIX ғасырдың соңында үш генерал-губернаторлыққа Түркістан, Орынбор, Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарына бағынған 6 облысқа бөлінді. Маңғыстау ол кезде Маңғышлақ приставтығы деген атпен белгіленіп, негізгі қазақ жерлеріндегі әкімшілік-басқару жүйесінен бөлініп, алғашқыда Кавказ әскери округына енгізілді.

Маңғышлақ приставтығы 1861-1881 жылдар аралығында (кейіннен болыс, уезд, облыс, губерния ретінде) өмір сүрді. Маңғыстау түбегіндегі әкімшілік-территориялық бөлік 1868 жылы Маңғышлақ приставтығына Бозашы түбегі, үстірт жоны, Каспий теңізінің Шығыс жағалауындағы Морской, Святой, Подгорный, Долгий, Орлов, Керел (Жандауыр) аралдары кірді.

1869 жылы орыс әскерлерінің Красноводск, Тасарбатқала бұғаздарында жүргізген әскери барлау жұмыстарының нәтижесінде Каспий жағалауында Красноводск приставы құрылып, Кавказ наместнигіне берілді. Красноводск приставымен қатар 1870 жылы 2 ақпанда Маңғыстау да Кавказдағы Дағыстан облысына қаратылып, аймақтағы адайлар мен түрікмендер Ресейдің әкімшілік жүйеде жүргізілген реформаларына байланысты еріксіз түрде өз руластарынан, ұлтынан бөлініп қалды.

Территориялық принцип негізінде басқаруға бейімделген бұл жүйе – қазақтардың ғасырлар бойы дамыған дәстүрлі шаруашылығын дамыту, әрі жүргізу мүмкіндігін жойғандықтан, Кіші жүз қазақтары 1868 жылы көтеріліске шықты.

Нәтижесінде Маңғыстау территориясында Уақытша ережеге сай патшалық басқару жүйесі іс жүзінде 1870 жылы күшпен енгізілді. 1870 жылы 2 ақпанда Маңғышлақ приставтығы Александровск фортымен бірге Орынбор генерал-губернаторлығындағы Орал облысынан бөліп алынды, Дағыстан генерал-губернаторлығындағы Кавказдық мирасқор әкімшіліктің басқарылуына берілді [2].

Енгізілген басқаруға негізделіп Маңғыстау приставтығы 2 қазақ, 1 түрікмен болысынан құрылды. Олар: Бозашы, Маңғыстау, Түрікмен. Қазақстанның басқа аймақтарында болыстар қысқы қоныстарына байланысты құрылса, Маңғыстауда көшу ретіне қарай, екіншіден, жерді пайдалану құқына, рулық бөлінуіне байланысты құрылған. Болыстардың санын және шекараларын анықтау Кавказ армиясының бас қолбасшысына жүктелді.

1874 жылы патша үкіметінің Каспий сыртқы аймағын басқару туралы Уақытша ережесіне сәйкес, Маңғыстау мен Шағадан (Красноводскінің) әкімшілік жүйеде біріктіріліп, 1881 жылы Каспий сыртқы аймағы облысына кірді, ал 1884 ж. Шағадан (Красноводск) маңындағы 2894 түтін біріктіріліп, Адай болысы құрылды.

Алғашында, Маңғыстау территориясында Кавказдық әкімшілік әскери басқаруды енгізуді жоспарлады. 1874 жылы 9 наурыздағы Каспий сырты аймағын басқару туралы Уақытша ережесі бойынша Маңғышлақ пен Шағадан (Красноводск) приставтықтары Каспий сырты әскери бөліміне біріктірілді. Бұл бөлім әскери және әкімшілік жағынан да Кавказ әскери округінің Бас командашысына тікелей бағынатын. Маңғыстауды Кавказ арқылы басқарудың бұл әдісі қолайсыз көрінгендіктен Каспий сырты әскери бөлімі 1881 жылы 10 маусымда орталығы Ашхабад болған Каспий сырты облысына айналдырылды. Облыс Кавказ әскери округына бағындырылып, үш уезден: Маңғышлақ, Красноводск және Ахалтеке уездерінен тұрды.

1890 жылы Каспий сырты облысы Кавказ әскери округынан бөлініп, бөлек әкімшілік және әскери, құрамында 5 уезі бар аймаққа айналдырылды. Маңғышлақ уезінде негізінен қазақтар – адайлар мен түрікмендер тұрды. Адайлар үш болысқа: Маңғышлақ, Бұзашы және Үстірт болыстарына бөлініп басқарылды. 1877 жылы Маңғышлақ болысы екіге – Маңғышлақ пен Түпқараған және Бірінші мен Екінші-Бозащы болыстықтары болып бөлінді [3]. Маңғыстауда 1888 жылы жаңадан үш болыстық: Түрікпен-адай, Жеменей және Райымберді болыстықтары құрылды. Кейінірек Үшінші-Бозащы болыстығы құрылады. Сондай-ақ, 1908 жылы Каспий теңізінің шығысындағы қазақ және түрікмен балықшылары Рыболовная деп аталатын болыстыққа біріктірілді. 1881 жылы Маңғышлақ приставтығы 10 қазақ және 1 түрікпен болыстарынан құрылған уезге айналдырылады.

Айта кету керек, 1880 жылдары Маңғыстауда жүргізілген әкімшілік басқарудағы өзгерістер кезінде 6 мың түтін адайлар (1,2,3 – Адай болыстары) еріксіз Орал облысына қалдырылып, Маңғышлақ уезіне енгізілмеді [4].

Адайлардың болыстардағы орналасуы әркелкі болды. Әр болыста 1100-1600 түтін аралығында адамдар болды. Болыстар әкімшілік бірліктер – ауылдарға бөлінді. 1908 жылы болыстарда 74 ауыл болды. Маңғыстаудағы әрбір болыстың территориясы табиғи шекаралармен анықталып отырды.

1890 жылы Каспий сырты облысы Кавказ әскери округынан бөлініп, жеке әкімшілік және әскери басқарудағы облысқа айналды. Маңғышлақ уезі Каспий сырты облысы құрамындағы 5 уездің бірі болды. 1897 жылғы санақ бойынша, Маңғышлақ уезінде 68.555 адам тұрды. 1 м² жерге 0,36 адамнан келді.

Сонымен, Маңғышлақ уезі - бұрынғы Маңғышлақ приставтығы. Ол алғашқы кезде Кавказ әскери округына, ал 1899 жылдан бастап Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Каспий сырты облысына бағынды. Маңғышлақ уезінің оңтүстік шекарасы Қарабұғазды қақ жарып, Арал теңізіне дейін, солтүстік шекарасы қазіргі Комсомол шығанағынан Үстірт жонының солтүстігі мен Арал теңізінің батысына дейінгі жерді алып жатты. Уезд 10 болыстықтан, 74 әкімшілік ауылдан тұрды. Маңғышлақ уезі деген атау 1920 жылға дейін сақталып, сол жылдан бастап Адай уезі атанды. Адай уезі (кейінгі округ) Маңғыстаудағы негізгі шаруашылық – мал шаруашылығының өсуі мен орналасуының мекені ретінде қалпын көп өзгертпестен 1920-1927 жылдарға дейін оңтүстіктегі Шағадам (Красноводск) қаласынан бастап Солтүстік, Солтүстік-шығыстағы Мақат пен Шалқарға дейінгі территорияны немесе қазіргі төрт облыстың (Шағадам, Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе) жерін қамти орналасып жатты.

Маңғыстау, Красноводкі уездіндегі қазақтардың негізгі шаруашылығы – көшпелі мал шаруашылығы. Маңғыстау уездіндегі адайлардың 93,4% мал шаруашылығымен, 0,02% егіншілікпен, 6,4 % басқа да кәсіппен айналысқан. Олар: балық аулау, кірешілік, сауда және қолөнері.

Маңғыстау уездінде егіншілікпен Қаратау, Ақтау және Александровскі форты маңында тұратын адайлар айналысты. Олар бидай, арпа, тары егіп және Александровскі форты маңында жүгері, жоңышқа, бақша дақылдарын өсіретін.

Әдебиеттер:

1. ҚРОМА 5 - қор, 1 - тізбе, 2171 - іс, 124 – парақ.
2. ҚРОМА 715-қор, 1-тізбе, 41-іс, 180-183 парақтар.
3. М.С.Турсынова. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века. - Алма-Ата: Наука КазССР, 1977. –184 с. (119 - 120).
4. ҚРОМА 40-қор, 1-тізбе, 712-іс, 1-2 парақтар.
5. Маңғыстау энциклопедиясы. Алматы., 1997.

Автор в данной статье уделил внимание колониальной политике России в Младшем Жузе, в особенности на территории Мангистау. Дистанционный способ правления в этом округе имел здесь свои отличительные черты.